

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
30.10.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 30.10.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Марат Мұратұлы Ахметжанов мырзаға беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Алдарыңызға Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау үшін келіп отырмыз.

Ұсынылып отырған шарт екі ел арасындағы құқықтық қатынасқа қорытынды жасайды. Бұл құжат Конституциямен көзделген кепілдіктерді орындауға бағытталған, сондықтан өте маңызды болып табылады.

Шарт сотталған адамның жазасын өз елінде өтеуді қамтамасыз етпек. Шарт бойынша адамды беру үшін мына негіздер керек:

- адам қабылдаушы тараптың азаматы болуы;
- жасалған әрекет екі жақ заңы бойынша қылмыс болуы;
- өтелмеген жаза кемінде бір жыл құрауы;
- сотталған адам немесе оның өкілінің және екі тараптың келісуі;
- сұрау салу алынған кезден сот үкімінің заңдық күшіне енуі.

Әрине, беруден бас тарту негіздері де көзделген. Мысалы, беру ел егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіретін болса, сотталған адам қылмыстан келтірген залалын өтемесе немесе біздің азаматтарға қарыз болса.

Бұл шарт, әрине, үлгілі негізде жасалған, алайда өз ерекшеліктері бар, атап айтсақ, басқа шарттарда сотталғандарды беру үшін өтелмеген мерзімі алты айдан кем болмауы тиіс, ал бұл шартта бір жыл. Қабылдаушы тарапқа сотталған адамды еліне қайтару үшін кеткен қаражатты сотталғаннан өндіріп алуға мүмкіндікті қамтиды. Қазіргі таңда Моңғолияда жазасын өтеп жатқан Қазақстан азаматтары жоқ, ал елімізде Моңғолияның бес азаматы жазасын өтеп жатыр.

Осыған ұқсас шартты біз 22 елмен жасадық. Жақында тағы да бірталай елмен осындай шарт жасасу көзделіп отыр, оның ішінде көрші Өзбекстан елімен қатар Вьетнам, Кипр, Аргентина, Доминикан Республикасы және тағы басқа да елдер бар.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға сәйкес шарт ратификациялауға жатады, себебі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына катысты.

Ұсынылған заң жобасын қабылдау қандай да бір кері әлеуметтік, экономикалық және саяси салдарға әкеліп соқпайды, сондықтан бюджетке қосымша қаражатты талап етпейді.

Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнің де қолдауын сұраймын.

Құрметті Марат Мұратұлы! Шарттың 4-бабына сәйкес сотталған адамдарды беру шартының бірі – сотталған адамның жазасын өтеуге тиіс қалған уақыт кезеңі кемінде бір жылды құраса, онда беру жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде мұндай мерзім екі есе аз, яғни алты айды құрайды, оған Литвамен, Иорданиямен, Сауд Араб елімен және тағы басқа елдермен жасалған келісімдер дәлел бола алады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Сіз жаңа осы шартты стандартты шарт деп айттыңыз. Бірақ Моңғолия үшін бір жылдық мерзімді белгілеудің қандай себебі бар? Соны айтсаңыз.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл стандартты шарт болғанымен бұның өзіндік ерекше айырмашылығы бар. Ондай мерзім Моңғолия тарапының сұрауымен белгіленді, өйткені олардың қылмыстық заңнамасында бір жыл мерзім, ал біздің заңнамада алты ай мерзім көрсетілген. Бірақ бұндай айырмашылық біздің заңнамаға қайшы келмейді.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Ертаев Бақытжан Ертайұлына беріледі.

ЕРТАЕВ Б. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Муратович! Вы частично осветили некоторые вопросы, тем не менее я хотел бы уточнить.

В соответствии со статьей 18 рассматриваемого договора расходы, связанные с передачей осужденных, несет принимающая сторона. Мы все знаем, что передача заключенного – дорогостоящее мероприятие, включающее транспортные расходы и так далее. При этом в пункте 2 данной

статьи оговаривается, что принимающая сторона вправе потребовать возмещения полностью или частично расходов от осужденного.

В этой связи у меня следующий вопрос.

Скажите, пожалуйста, кто и каким образом определяет, как будет осуществляться возмещение осужденным лицом – полностью или частично? Спасибо.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Спасибо за вопрос.

Это одна из особенностей или отличий данного договора. По просьбе Монголии предусмотрен регрессный порядок взыскания затрат с осужденных лиц. В других договорах таких отличий у нас не имеется. Эта норма была записана по просьбе монгольской стороны.

Как я уже сказал, в бюджете эти средства заложены. Казахстан гарантирует своим гражданам их бесплатную передачу нам, то есть мы сами осуществляем. Мы не оставляем своих граждан за рубежом и за счет своих бюджетных средств перевозим их на родину.

ТӨРАҒА. А если это гражданин Монголии и у него нет своих средств, чтобы его туда направили, тогда каким образом? Для граждан Казахстана – понятно.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Они за счет своих бюджетных средств вывозят, но в регрессном порядке потом с него удерживают.

ТӨРАҒА. Понятно.

Сөз депутат Тасболатов Абай Бөлекбайұлына беріледі.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Марат Мұратұлы, осы шарттың Қазақстанның осыған ұқсас басқа ратификациялаған халықаралық шарттарынан айырмашылығы бар. Ол туралы айтылды. Мәселен, жуырда Мәжілісте Қазақстан мен Литваның арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шарт қаралды. Осыған байланысты сұрағым бар.

Қаралып отырған шартта жоғарыда аталған санаттағы адамдарды беру туралы мәселелер неге көзделмеген?

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Екі тараптан болғандықтан әр шарттың өз ерекшелігі болады. Моңғолия тарапынан тек осындай ұсыныс болды. Жаңа Сіз айтып кеткен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шарт екі-үш елмен ғана жасалды. Моңғолия тарапынан ондай ұсыныс болмағандықтан бұл шартта ол мәселе көзделмеген.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Муратович! Мой вопрос связан с применением национального законодательства двух стран.

В рамках договора не исключается, что приговор, вынесенный в одной стране, может быть несовместим с законодательством другой страны. В этом

случае как Монголия, так и Казахстан могут заменить это наказание на максимально соответствующее своему законодательству.

К примеру, в Казахстане за присвоение или растрату вверенного чужого имущества осужденный будет приговорен к лишению свободы на срок до трех лет. Максимально, что ему грозит за аналогичное преступление по монгольским законам – это лишение свободы на срок до трех месяцев.

Поясните, пожалуйста, как в таком случае будет исполняться приговор? Спасибо.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Спасибо за вопрос.

В случае несоответствия приговора законодательству принимающей стороны передача не может быть осуществлена.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Мұратұлы! Сотталған адамды берудің басты шарттарының бірі оның жазбаша келісімі мен берудің құқықтық салдарын толық түсіне отырып оған өз еркімен келісім беруі болып табылады.

Бұл ретте беруші тарап қабылдаушы тарапқа уәкілетті тұлға арқылы сотталған адамның мәжбүрлеп емес, өз еркімен келісім білдіргеніне көз жеткізуіне мүмкіндік береді. Бірақ шартта осы келісімді растау тетіктері айтылмаған. Осы қалай жүргізілетін болады? Осыны айтып берсеңіз.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет. Әр елде біздің уәкілетті өкілдеріміз бар. Егер осындай сұрақ туындап жатса, егер бір күмәнді жағдай болса, ол азаматпен сол жердегі біздің консулдық немесе дипломатиялық өкіл кездесіп, келісімді өз еркімен бергені туралы, мәжбүрлеудің болғаны, болмағаны туралы мәлімет береді.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Аронова Ирина Петровнаға беріледі.

АРОНОВА И.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Муратович! В статье 8 договора указано, что осужденное лицо информируется о решениях, принятых сторонами относительно запроса на его передачу. Одним из таких решений может быть отказ в передаче осужденного лица.

Поясните, пожалуйста, как в таком случае осужденный, если не согласен с таким решением, может обжаловать данное решение? Спасибо.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Спасибо за вопрос.

Я уже отметил, что есть основания, когда мы отказываем в передаче осужденного. В случае получения такого отказа лицо может обжаловать в суде той стороны, где проходят эти действия. Допустим, вдруг у него имеется гражданский иск. Если лицо возместило ущерб, то его жалоба может быть удовлетворена, оно будет передано второй стороне.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергенұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Мұратұлы! Біз қазір ғана сотталған адам өзін беруге жазбаша және өз еркімен келісім беретіндігі туралы талқыладық. Бірақ бұл

ретте тараптардың бірі өз қалауы бойынша өз шешімінің себептерін түсіндірместен беруге келісім бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайда не істеуге болады? Сотталған адам оны беру туралы өтінішпен қайта жүгіне ала ма? Оның қайта берген өтінішін караудың мерзімдері мен шарттары бар ма?

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет, Мейрам Құдайбергенұлы.

Әрине, оның сотқа жүгінуге мүмкіндігі бар. Және ондай мерзім көрсетілмеген. Қайтадан шағым беріп, өзінің уәжін қанағаттандыруға толық мүмкіндігі бар. Елімізге қауіп төніп жатса, шығын келтіретін мәселелер болса, біз бас тарта аламыз. Егер оны өтесе, онда қайтадан ол мәселеге оралып, оны қанағаттандыруға толық мүмкіндік бар.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Марат Мұратұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Козлов Евгений Александровичке беріледі.

КОЗЛОВ Е.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бас бостандығынан айырылған сотталған адамдардың өздері азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеудің құқықтық негіздерін жасауға бағытталған.

Еліміздің Конституциясының басты нормаларының бірі – Қазақстан Республикасының өзін ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танылуы.

Шартты орындау заң бұзушы адамға, сондай-ақ оның туыстарына қатысты ізгілік таныту болғандықтан, шартты ратификациялау мемлекетіміз үшін осы құндылықтардың өзгермейтінін растайды.

Шарт нормаларын қолдану берілген адамдардың өз азаматтығына тиесілі қоғамға толығымен кірігуіне мүмкіндік беруі осы заң жобасының ерекшелігі болып табылады.

Шартта сотталған адамдарды берудің, сондай-ақ одан бас тартудың негіздері қарастырылған. Бұл орайда сотталған адам берілген тарап үкімді орындауда жазаны күшейтуге, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны ақша өндіріп алумен ауыстыруға құқығы жоқ екендігін атап өткен жөн.

Шартта әр тараптың ұлттық заңнамаға сәйкес сотталған адамға қатысты кешірім жасау актісін немесе рақымшылық жасауды қолдану құқығы қарастырылған.

Сонымен қатар осы шартпен заң күшіне енген үкімді қайта қарау тәртібі реттелетінін де атап өткім келеді.

Сондықтан бұл заң жобасын қабылдау қажет деп санаймын.

Заң жобасын қабылданғаннан соң оны жүзеге асыруда мемлекет шекарасынан тыс жерде қылмыс аясына тартылған өз азаматтарын қорғау

міндеттерін орындауға, сондай-ақ сотталған адамның жазасын өзінің қоғамдық ортасында өтеуге мүмкіндік туғызуының да жақсы әсері болады.

Заң жобасы бойынша Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Осыған байланысты Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын мақұлдауды және оны Парламент Сенатына жолдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Евгений Александрович.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлына беріледі.

ДУЛАТБЕКОВ Н.О. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Ратификациялауға жататын шарт сотталған адамдардың бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өз отанында одан әрі өтеуі үшін Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасында оларды беру мүмкіндігіне байланысты мәселелерді реттейді.

Шарттың ізгілік сипаты бар, өйткені елден тыс жерде қамауда отырған біздің отандастарымыздың, сондай-ақ Моңғолия азаматтарының өз жақындарымен және туыстарымен кездесуіне, бірінші кезектегі қажетті заттарды сәлемдемелер мен сауқаттар арқылы толық көлемде алуына үнемі мүмкіндік бола бермейді. Сонымен қатар олардың тіл білмеуі өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іс жүзінде іске асыру мүмкіндіктерін шектейді.

Сотталған адамдарды беру туралы шарттың болуы аталған теріс салдарларды еңсеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар біздің елде сотталған адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін әлеуметке қосу және кейіннен әлеуметтік бейімдеуге ықпал ететін бірқатар институттар бар. Әңгіме бірінші кезекте үкімдік және пенитенциарлық пробациялар туралы болып отыр.

Заң жобасын қабылдау жалпы өмірлік қиын жағдайға тап болған отандастарымыздың, сонымен қатар Моңғолия азаматтарының мүдделері мен құқықтарын қорғауға бағытталған.

Осыған байланысты әріптестерімді аталған заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Орынбасарұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Құжаттамамен қамтамасыз ету
Әлеуметтік мекендерінің орындары

Д. Әдірашманов

Д. Әдірашманов